

«Оқуға құштар мектеп»
«Сүйікті кітабым»
5 минуттық оқу



Сынып: 4 « П »

Сынып жетекші: С.Муханова

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
«Сүйікті кітабым» 5 минуттық оқу**

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде 2024 жылы ақпан айының 19-23 күнінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебіміздегі кітапхана ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен ұстаздардың қызығушылығын арттыру, оқырмандарды машықтандыру, тәрбиелеу, кітаптарға қызықтыра білуге үйрету, ұлттық тәрбиеге баулу мақсатында «5 минут кітап оқу» атты 4 «П» сынып оқушыларына іс-шара ұйымдастырылды. Шараға 4 «П» сынып оқушылары қатыстырылды. Шараның мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әртүрлі ертегі мен аңыз әңгімелер, өлеңдер оқып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Тәжірибеде тапсырманың ұзақтығы емес, жаттығу жұмыстарының жиілігі маңызды. Бастауыш сынып оқушыларын кітапты ұзақ уақыт бойы соңына дейін оқуға отырғызып қоюға болмайтындығы ескерілді. Ұзақ оқу баланы шаршатып жалықтырады, екіншіден, оның оқуға деген ынтасын жоятындығы мәлім. Сондықтан 5 минуттан бірнеше бөліп оқытса, әлдеқайда тиімді. Осындай жаттығулардың тиімділігі бір сағаттық жаттығуларға қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі басты назарға алынды. Оқушылар «әлемbook» баспасынан жарық көрген ертегілерді қызыға оқыды. Сонымен қатар, «Аруна» баспасынан шыққан ертегілерді сүйіп оқып, бір-бірімен алған әсерлерімен бөлісті. Және әңгімеден түсінген ойын қағаз бетіне түсіріп, көркем суретпен бейнелеуді әдетке айналдырды.





«Кітап-білім бұлағы»

Сынып: 2«Л»

Сынып жетекші: Тасболатова Ф

Қызылорда, 2023 жыл

екітемін

педагогтің аты-жөні	Тасболатова Ф	
үні:	19.01.2023 жыл	
ынып: 2 «Л»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
қырыбы:	«Кітап-білім бұлағы»	
әрбие сағатының Мақсаты:	Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету.	
өрнекілігі:	Интерактивті тақта, тақырыпқа байланысты қанатты сөздер, суреттер, слайдтар.	
КТ қолдану ғдылары	Интерактивті тақта мен ғаламторды пайдалана білу	

Жоспары:

Жоспарлан н уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
талалуы	Мұғалім сөзі: Кітап та алма ағашы, Жемісін біздер теретін. Тәтті алмаға балашы, Кітабыңның әр бетін,- деп Мұзафар Әлімбаев атамыз жырлағандай әдеби кітаптар мен оқулықтар сендерге білім көзі, рухани қазына. Біз кітап арқылы бастауыш мектептің өзінде - ақ бүкіл адамзат өмірімен танысамыз. Кітап білімімізді молайтады, кітаптан көп өнеге мен тәрбие аламыз. Оқығаның, тоқығаның көп болса жеңбейтін жау, алынбайтын қамал жоқ. Дана халқымыз «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек деп бүгінгі 2 «Л» сынып оқушылары дайындаған «Кітап - білім бұлағы» атты тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер.	-Мұғаліммен амандасу;	Плакат
ртасы	Кітап туралы не білеміз? Кітап - араб сөзі, "жазба", ал түрікше "дәптер", мерзімді баспасөз басылымы" деген сөз Кітап өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу, тәрбие құралы. Кітап - араб сөзі, "жазба", ал түрікше "дәптер", "мерзімді баспасөз басылымы" деген сөз. Кітап өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу, тәрбие құралы. Түркі халықтарының көне жазба ескерткіші "Папирус" кітабы Мысырда жазуға папирус қолданыла бастады. Кітап "Папирус" деп аталатын су өсімдігінен дайындалған	Оқушылар Белсене қатысып кітап туралы эссе жазады, өлең шығарады, сурет салады;	Түрлі түсті карандаш дәптер, ақ парақ (слайд)

материалға жазылып, жұмыр таяқшаларға шыыршықтап оралды.

"Пергамент" кітабы.

Кітап басу цехы.

Түптеу цехы.

Жұмбақ шешу.

Мұғалім: Балалар бүгін бізге қонаққа Кітап келіп отыр.

Кітапты ортаға шақырайық.

Кітап: Балалар, мен білім көзі - кітаппын. Мені жасау үшін көп адам еңбек сіңірді. Балалар кітап қайдан шығатынын білесіңдер ме?

Балалар: Ағаштан

Мұғалім: Кітап шығару үшін көп еңбек сіңіреміз. Кітап сен бізге қонақ болып, балалардың білімін тамашала.

Оқушылардың кітаптың жасалу жолы туралы тақпақтары:

Мағынаны таны.

Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты. Тұңғыш қазақ кітаптары 1800 жылы шығарыла бастады.

3 - бөлім. Топтық сайыс. 1. Таныстыру. 2. Жалғастыр

Ойын: Кітап нені сүйеді?

3. Көркем сөз

Даналық

4. Ойлан, тап.

5. Өнер көрсету

Мұғалім: Балалар, кітап туралы жазған ұлы ғұлама ақын, жазушыларымыздың қандай нақыл сөздерін білесіңдер Кітап маған тақтан да қымбат. Шекспир.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбе оқып көруге. Абай.

6. Көрініс

2. «Науқас кітап» көрініс. Дәрігер ролінде: _____

Науқас кітап ролінде: _____

"Кітаптың мұңы "

_____ : Ұқыпты баланың кітабы. _____ : Жалқау

баланың кітабы

Мұғалім: Балалар, дәрігер апайымыз айтқандай, кітаптарда ауырады екен. Сол зиянды болдырмау үшін мынандай ережелер бар екен

Есіңе сақта!

1. Кітапты ұқыпты, таза ұстау керек. Өздеріңнен кейін оны көптеген балалар оқитынын есіңнен шығарма

2. Кітапты төсекте жатып, ас ішіп отырып оқыма, кітап оқуды үлкен ой еңбегімен оқу керек

3. Кітапты қалай болса солай оқыма.

4. Кітапты жыртуға, сызуға болмайды.

5. Кітапханада шулауға болмайды, өйткені басқаларға кедергі келтіресің.

6. Кітап бетіне сурет салма!

Мұғалім: Балалар, кітап туралы жазған ұлы ғұлама ақын, жазушыларымыздың қандай нақыл сөздерін білесіңдер?

Қалалық білім бөлімі
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі

**Мұзтаудың көкке өрлеген мұзбалағы
Оралхан Бөкей 80 жыл**

Аймақтық зияткерлік сайыс

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары

Ұйымдастырушылар: Г.Байдилдаева, Г.Жаңабаева

Қызылорда, 2024 жыл

Тақырыбы: О.Бөкейдің «Атау кере» шығармасы бойынша аймақтық зияткерлік сайыс

Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында О.Бөкейдің өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оқушыларға «Атау кере» шығармасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, әдеби талдау дағдыларын жетілдіру, әдеби пайым, дүниетанымы мен көзқарастарын кеңейту.

Қатысушы мектептер: №101 мектеп-лицей, №143 орта мектеп, №268 орта мектеп, №278 мектеп-лицей, №264 мектеп –лицейі

Сыныбы: 11-сынып (жаратылыстану-математикалық бағыт)

1-жүргізуші: Г.Байдилдаева

2-жүргізуші: Г.Жаңабаева

Сайыс барысы:

Ортада 11 -сынып оқушы Серік Мадияр Оралхан Бөкейдің бейнесін сомдайды.

1- жүргізуші: «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» сахналық көрініс. Мектеп киностудиясының жас актерлері. Жетекшісі Мұратаева Майя Серікбайқызы.

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар! Жазушы, драматург, публицист, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына арналған аймақтық зияткерлік сайысымызға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Көрінуші ең көнелердің көзіндей,

Жазғандарың кара өлеңнің сөзіндей.

Асқақ едің, атақты едің, нар едің,

Туған өлкең – өр Алтайдың өзіндей! – деген өлең жолдарына назар аударсақ, Оралханның өр Алтайды суреттегенін аңғарамыз.

1-жүргізуші:

Оралхан Бөкей - өз кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі, олардың ішкі әлеміне, жан-дүниесіне көбірек үнілетін каламгер. Кейіпкер болмысын табиғатпен байланыстыра суреттеу арқылы таныту жазушы шығармашылығының өзіндік бір қыры десек керек. Оның дәлелі – «Атау кере» шығармасы. Бүгін мектеп-лицейімізде аймақтық зияткерлік сайыс өтілгелі тұр. Сайысқа Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі, №143 орта мектеп, Байзақ Момынбаев атындағы №278 мектеп-лицейі, №268 орта мектеп және Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушылары қатысады, жазушының «Атау кере» шығармасының желісі негізіндегі аймақтық зияткерлік сайысты бастауға рұқсат етіңіздер.

2 -жүргізуші: Сайыс кезеңдері:

1. Сәлем – сөздің анасы. Таныстыру. 3 ұпай
2. Білімді болсан, бақ сына. Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай
3. Кейіпкерлер әлемі 4 ұпай.

4. Топтас, талда, түсіндір 5 ұпай
5. Кері байланыс. Білгенім мен түйгенім

2- Жүргізуші:

Қазылар орнықтырар әділдікті

Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Білім мен тапқырлықтың сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты, - дей келе бүгінгі сайыстың төрешілерімен таныстырсак.

1. _____
2. _____
3. _____

1-жүргізуші:

Білген сайын келеді біле бергің

Біле беру емес пе тілегі елдің?

Бүгін осы сайыста жеңіске жет

Білімді әрі білікті жас жеткіншек,- дей отырып бүгінгі сайыста бағын сынағалы келіп отырған топтармен танысып алсақ.

1-кезең Сәлем – сөздің анасы. Таныстыру кезеңі 3 ұпай (Төрешілер таныстырудағы сөз саптау мәнеріне, сөз дәлдігіне, ой жүйелегіне мән береді.)

2-жүргізуші:

Мықты болсаң, алдағыны басып оз,

Мықты болсаң, арттағыны жеткізбе!

Мықты болсаң, тайғанама көк мұзда

Мықты болсаң, бөгеттерді бұзып өт! –деп сайысымыздың келесі кезеңіне өтейік.

«Білімді болсаң, бақ сына» кезеңі Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі. Төрешілер жауаптың дәлдігін, нақтылығын бағалайды.

Қатысушыларға қойылатын сұрақтар:

1. Оралханның есімін кім қойды және не себепті «Оралхан» деп атады?
2. Оралханның әдебиет саласына келуіне, жазушылық өмірге қадам басуына кім ықпал етті?
3. Оралханның ата-аналары кімдер? Ол кісілердің бойында қандай ерекшеліктер болды?
4. Оралхан Бөкейдің қандай шығармалары бар?
5. Оралхан Бөкей қандай салаларда қызмет атқарды?